



Автор: РЫСБАЙ НӘБИРА СЕИЛХАНҚЫЗЫ

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары

Тақырып: Топырақтың қандай қасиеті бар?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.4.3 топырақтың негізгі қасиеттерін анықтау;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: топырақтың негізгі қасиеттерін анықтауды үйренеді. Көптеген оқушылар: топырақтың негізгі қасиеттерін анықтау үшін тәжірибе жасайды. Кейбір оқушылар: топырақтың басы қасиетіне мысал келтіре алады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Борпылдақ, құнарлылық. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Топырақта су қалай қозғалады? Қандай топырақтың құрамында ауа болады? Топыраққа ауа не үшін қажет?
Күтілетін нәтиже:	Жеке ,топтық жұмыс жасауға үйренеді. Топырақ туралы білімдерін кеңейтеді.
Бағалау критерийлері:	топырақтың негізгі қасиеттерін анықтауды үйренеді, топырақтың негізгі қасиеттерін анықтау үшін тәжірибе жасайды, топырақтың басы қасиетіне мысал келтіре алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар. Bilim land
Пәнаралық байланыс:	Заттар және олардың қасиеттері. Табиғи ресурстар туралы дүниетану пәнінен алған білімдерін қолданады.
Бастапқы білім:	Оқушылар «табиғи ресурстар» ұғымының мағынасын түсінеді және оларды жіктей алады. Табиғи ресурстардың түрлерін мен көздерін біледі, олардың адам тіршілігіндегі алатын орнын бағалай алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	«Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б. «Ой қозғау» әдісі арқылы,өткен сабақтағы білімдерін жинақтау.Әр топ 1-2 сұрақтар дайындап бір-бірлеріне сұрақтар қояды.	«Мен ақылды баламын» сергіту жаттығуы.
Сабақтың ортасы (27 минут)	Bilim land топырақ жайлы бейнефильм көрсету. Топырақ туралы мағлұматтарын кенейту. Бейнефильмді қарап болғаннан кейін астындағы тестпен жұмыс жасау. Тестпен жұмыс жасау. Әр топқа тапсырма беремін. Сол тапсырмалар интерактивті тақтада тұрады. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) Жаңа білім мен тәжірибені қолдану	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	«Ара ұясы» техникасы Мұғалім жұптағы оқушыларға не білгендігі туралы пікір алмасуды және екі сұрақтан дайындауын тапсырады. Содан кейін әрбір жұп кезектесіп бүгінгі білім бойынша сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты мұғалім немесе басқа оқушылар береді. Сонымен берілген осы техника негізінде мұғалімнің берген мәліметтері қорытындыланылады, өңделеді.	
Рефлексия (3 минут)	Кері байланыс. Оқушыларға «БББ» кестесі бойынша білімдерін жинақтау. кері байланыс арқылы. Оқушылар өздері белгілейді.	